

Ақжайық аудандық мәслихатының 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 16-2 " Ақжайық ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық мәслихатының 2015 жылғы 31 наурыздағы № 26-7 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 сәуірде № 3897 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 ақпандағы № 43-1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық мәслихатының 28.02.2020 № 43-1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңына сәйкес, Ақжайық аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақжайық аудандық мәслихатының 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 16-2 " Ақжайық ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3419 тіркелген, 2014 жылғы 6 ақпандағы " Жайық таңы" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Ақжайық ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасында:

9 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қатерлі ісікпен ауыратындарға, туберкулезбен ауыратындарға аурулығын дәлелдейтін анықтама негізінде табыстарын есепке алмай 15 АЕК мөлшерінде;"

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдарға, 1941 жылғы 22 маусым мен 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы

Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға, Ауғанстанда әскери қызмет өткерген әскери қызметшілерге, 1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға қатысқан адамдарға, Чернобыль АЭС-індегі апаттың салдарынан мүгедек болған адамдарға және Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан мүгедек болған адамдарға санаторлық-курорттық емделуді алу үшін 31 АЕК мөлшерінде;".

2. Аудандық мәслихат аппаратының ұйымдастыру бөлімінің басшысы (Т. Горбунова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"

*Батыс Қазақстан облысы
әкімінің орынбасары
31 наурыз 2015 жыл.*

М. Мұхтар

Д. Жақсыбаев

Б. Мәкен

Ескерту: аббревиатуралардың шешуі:
АЕК – айлық есептік көрсеткіш;
Чернобыль АЭС – Чернобыль атомдық электр станциясы.